

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 22 тамыздағы N 232-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдарға:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 22 тамыздағы
N 232 - ө өкімімен

бекітілген

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

P/c N	Атауы	Акт нысаны	Орындауға жауапты	
-------	-------	------------	-------------------	--

			мемлекеттік органдар	А я қ та у нысаны
1	2	3	4	5
1	Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсаты үшін мемлекеттік органдардың ақпарат алмасу жөніндегі өзара іс - қи мы л ережесін бекіту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, АБА, ЖРА, ККМ, ИСМ, ЭБЖМ	2007 жылғы тамыз
2	Жүйелі тіркеуді жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, ЖРА, ИСМ, Қаржымині, ЭБЖМ	2007 жылғы тамыз
3	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, Э Б Ж М , Қаржымині	2007 жылғы тамыз
4	Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесін жүргізу және пайдалану ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині, АБА, ЖРА, ИСМ, ККМ	2007 жылғы тамыз
5	Мемлекеттік тіркеуге келіп түскен құжаттарды есепке алу кітабын жүргізу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2007 жылғы тамыз
6	Құқықтық кадастрдың тіркеу парағына жазбаларды енгізу және күшін жою ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2007 жылғы тамыз
7	Құқықтық кадастрдан ақпараттарды беруге сұрау	Бұйрық	Әділетмині, ККМ	

	салуларды есепке алу кітабын жүргізу ережесін бекіту туралы			2007 жылғы тамыз
8	Құқықтық кадастрдан ақпараттар беру ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині, ККМ	2007 жылғы тамыз
9	Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу ережесін және Бастапқы және кейінгі жылжымайтын мүлік объектілеріне кадастрлық нөмір беру ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2007 жылғы тамыз
10	Техникалық паспорт нысанын бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2007 жылғы тамыз
11	Жылжымайтын мүлікке және өзге де объектілерге құқықтарды тіркеу туралы өтініштің, тіркеу құжаттарына тиісті жазбалар енгізу туралы хабарламаның нысан-дарын бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2007 жылғы тамыз
12	Тіркеу істерін сақтау ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2007 жылғы тамыз
13	Тіркеу құжаттарында жол берілген қателерді түзету мақсатында жазбалар енгізу	Бұйрық	Әділетмині	

	ережесін бекіту туралы			2007 жылғы тамыз
14	Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасын (куәландырылған көшірмесін) жою ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2007 жылғы тамыз
15	Кондоминиум объектісін тіркеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині, АШМ	2007 жылғы тамыз
16	Жүйелі тіркеуді жүзеге асыру үшін халықты хабардар ету ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2007 жылғы тамыз
17	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және оны мен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың несие беру бюросына ақпарат беру ережесін бекіту туралы	Қаулы	ҚҚА	2007 жылғы тамыз

Ескертпе : аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы

ЖРА

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және

құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК